



№4 (178), 2023
(Сәуір-Апрель)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Тіл және рухани ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу,
негіздеу3

А.К. МЫНБАЕВА

Развитие психологических и педагогических научных
школ КазНУ им. аль-Фараби4

Ж. СЕЙІТНҰР

Жаңа Қазақстандағы тарихи-психологиялық зерттеудің
маңыздылығы.....9

Б. БАЙЖҰМАНОВА

Мүгедек балалармен жүргізілетін іс шаралардың
әлеуметтік психологиялық мәселелері17

А. ХАЛЫҚОВА

Тұлғаның психологиялық дамуы21

Р. АБДИКАЛИЕВА

Мектеп мұғалімдеріне арналған психологиялық
тренинг23

Д. ЖУБАТОВА

Әріптестікті нығайтуға арналған тренинг26

А. АБДРАХМАН

Ұжымдағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған
психологиялық тренинг29

Н. МЫРЗАБАЕВА

11-сынып оқушыларына арналған тренинг35

Г. МУЛЕНБАЕВА

Ата-ана – алғашқы тәрбиешілер37

Б. АБДРАХМАНОВА

Отбасындағы әке рөліне арналған тренинг38

А. ИМАШЕВА

Оқушыларға арналған тренинг41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

10. 04. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print

House GERONA>>

типографиясында

басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев

көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 10. 04. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Тіл және рухани ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу, негіздеу

01.04.2023 ж. Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әл-Фараби кітапханасында «Тіл және рухани ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу, негіздеу» атты Республикалық ғылыми семинар болды.

Ғылыми семинарды А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, профессор Анар Салқынбай жүргізді.

Семинарда:

Дүйсебек Әділхан Төлегенұлы – «Ұлттық құндылықтар: саралау, жүйелеу, негіздеу»;

Нұрмұратов Серік Есентайұлы – «Ұлттық құндылықтар – халық руханиятының негізі»;

Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы – «Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие – «Қазақ тілі» пәнін оқытудың қайнары» деген тақырыпта терең де тағылымды баяндама жасады.

Жарыссөзде:

Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразбаева Фаузия Шамсықызы, философия ғылымдарының докторы, профессор Нұрышева Гүлжихан Жұмабайқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ермекова Тыныштық Нұрдаулетқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қоңырбаева Сараш Сахиқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллақызы, физика ғылымдарының кандидаты Айгүл Қоқай ғылыми ойларымен бөлісті.

Семинарға Ұлыбританиядағы, Түркия жеріндегі қандастарымыз онлайн қатысып, тілектерін, пікірлерін білдірді.

Республикалық ғылыми семинар жұмысына қатысып, жылы лебіздерін академик Р.Б. Башаров, академик Б.А. Әлмұхамбетов, профессор Қ.Т. Арынов білдірді. Сондай-ақ онлайн және оффлайн түрде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультетінің, Философия және саясаттану факультетінің, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ, ҚБТУ, С. Демирел атындағы университетінің оқытушылары мен профессорлары, докторанттары мен магистранттары, студенттері, НЗМ мұғалімдері, Ұлттық құндылықтар академиясының мүшелері мен ынтымақтастық ұйымдары, қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің мүшелері, шетелдік қазақ диаспоралары ассоциациялары өкілдері қатысты.

Развитие психологических и педагогических научных школ КазНУ им. аль-Фараби

А.К. МЫНБАЕВА

Аннотация

Мақалада Т. Тәжібаевтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың психология және педагогика саласындағы ғылыми мектептерінің қалыптасуына қосқан үлесі туралы айтылады. Университеттің ғылыми-зерттеу ортасын және ғылыми мектептерін дамыту бойынша ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: Т. Тәжібаев, ғылыми мектептер, психология ғылымы, педагогика ғылымы

Аннотация

В статье рассказано о вкладе Т. Тажибаева в формирование научных школ КазНУ им.аль-Фараби в области психологии и педагогики. Предложены рекомендации по развитию исследовательской среды вуза и научных школ университета.

Ключевые слова: Т. Тажибаев, научные школы, психологическое науковедение, педагогическое науковедение.

Annotation

The article tells about the contribution of T. Tazhibaev to the formation of scientific schools of Al-Farabi KazNU in the field of psychology and pedagogy. Recommendations for the development of the research environment of the university and scientific schools of the university are proposed.

Keywords: T. Tazhibaev, scientific schools, psychological science, pedagogical science

Казахский национальный университет им. аль-Фараби стал исследовательским университетом, имеет около девяностолетние традиции проведения научных исследований и культивирования научных школ страны. По Т.Г. Лешкевичу, «Научные школы – это организованные и управляемые научные структуры, объединенные исследовательской программой, единым стилем мышления и возглавляемые, как правило, выдающимися учеными» [1]. Пик рассвета классических научных школ приходится на вторую половину XIX века, в XX веке появились дисциплинарные современные научные школы. Их развитие связано с инсти-

туционализацией научных лабораторий при университетах и НИИ. Дисциплинарные научные школы ослабили функцию обучения и сориентированы на плановые программы, формируемые вне рамок самой школы.

Научные школы – это неформальное сообщество ученых, характеризующееся отношениями «учитель – ученик», имеющими субъективный и объективный компоненты. Субъективный включает особенности личности основателя школы, его мотивацию, убеждения, интересы, отношение к науке, к коллегам, стиль взаимодействия с учениками, коллегами и др. К объективному относят программу исследования, разрабатываемую идею, теоретические взгляды, научные традиции.

В научной школе объединены процесс познания и процесс передачи знаний. Формами организации общения и взаимодействия в научных школах являются научные семинары, коллоквиумы, которые чаще всего носят неформальный характер. Такими были Павловские среды; дом Н. Бора, где вели беседу в стиле перипатетиков малые и большие дискуссионные группы; Л. Ландау проводил семинары каждый четверг в Институте физических проблем и др.

Признаками научных школ Н.Х. Розов считает:

А) общность деятельности, общность объекта и предмета исследования, общность целевых установок, общность идейно-методическая, общность критериев оценки деятельности и ее результатов;

Б) наличие лидера, являющегося автором оригинальных идей и методов и играющего по крайней мере одну из трех ролей – харизматическую, морально-организующую, или роль хозяина (что характерно для развитых школ), административно-управленческую (что характерно для вырождающихся школ, существующих только за счет ее институционализации);

В) проявление эффекта саморазвития, базирующегося на кооперативных принципах деятельности, постоянном обмене результатами, идеями и пр. (как по «горизонтали» - внутри одного поколения, так и по «вертикали» - между учителями и учениками);

Г) оптимизация процесса обучения научной молодежи и воспроизводства научной культуры (считается достаточным наличие трех поколений членов школы, хотя ясно, что для новообразованных научных школ это условие не удовлетворяется);

Д) снисkanie широкого публичного признания – международного, государственного, отраслевого, регионального – со стороны других научных направлений [2].

Поскольку КазНУ им. аль-Фараби в XX веке развивался как классический исследовательский университет, то у нас придавали большое внимание культивированию научных школ, развитию человеческого капитала. З.А. Мансуровым в конце XX века [3] были выделены следующие научные школы университета (рисунок 1).

Первыми в области психологии и педагогики в центре рисунка выделены два имени – Толегена Тажибаевича Тажибаева и Кубигула Бозаевича Жарикбаева. Основателем психологии и ее направления «педагогической психологии» в Казахстане является доктор педагогических наук, профессор, академик Т.Т. Тажибаев, который защитил кандидатскую диссертацию в Ленинграде в 1939 г. на тему: «К.Д. Ушинский – основоположник педагогической психологии в России». Толеген Тажибаев – легендарная личность, был Наркомом просвещения КазССР, Наркомом иностранных дел КазССР, заместителем Председателя Совета Министров КазССР, ректором КазГУ им. С.М. Кирова.



Рисунок 1 – Научные школы КазНУ им. аль-Фараби XX века (по З.А. Мансурову)

Можно составить психологический портрет академика Т. Тажибаева, читая книги по истории дипломатической службы Казахстана, воспоминания Д.А. Кунаева, который с теплом отзывался о Толегене Тажибаеве. Художественный образ ректора Т. Тажибаева был создан в романе Медеу Сарсеке «Необузданный историк» о судьбе Е. Бекмаханове. Его характеризуют как проницательного, открытого, умного и интеллигентного, демократичного человека, профессионала своего дела, тонкого психолога с большими организаторскими способностями, заботливого руководителя. Масштабность его исследований по истории образования поражает и сегодня. Он собрал данные о школах Казахстана XVII-XIX веков в архивах городов: Алматы, Ташкента, Ленинграда, Москвы, Казани, Уфы, Омска, областных центров Казахстана. Его фундамен-

тальные труды по истории образования являются образцом скрупулезного сбора, систематизации и обобщения исторических данных, могут служить примером для современного написания научных работ по истории педагогики и образования.

Заслуга в пропаганде вклада академика в развитие страны и психолого-педагогической науки, организации Тажибаевских чтений принадлежит известному ученому, доктору педагогических и доктору психологических наук, ученику Т. Тажибаева, основателю этнопсихологии и истории психологии Казахстана профессору К.Б. Жарикбаеву (1927-2021).

В конце XX – начале XXI века шло активное становление научной школы доктора психологических наук, профессора Сатыбалды Мукатаевича Джакупова (1950-2014), который был выпускником психологического факультета Московского государственного университета им. Ломоносова. Сейчас на кафедре психологии идет развитие и рост научных школ докторов психологических наук Н.С. Ахтаевой, О.Х. Аймаганбетовой, А.М. Ким, С.К. Бердибаевой, Д.Д. Дуйсенбекова, З.Б. Мадалиевой, Н.К. Токсанбаевой, Ф.С. Ташимовой (рисунок 2).



Рисунок 2 – Научные школы докторов психологических наук

Этап активного становления переживают научные школы кандидатов психологических наук – М.П. Кабаковой, Н.С. Жубаназаровой, Э.К. Калымбетовой, Г.А. Касен, С.К. Кудайбергеновой и др. На кафедре работают 10 докторов наук, 10 кандидатов наук, 4 доктора PhD, в том числе несколько остепененных преподавателей и ученых по педагогике и медицине, что создает условия для развития исследовательской сре-

ды, способствуют процессам совершенствования менеджмента знаний, «перетокам» [5] и диффузии знаний и инноваций, диффузии научной культуры.

Развитие науки возможно лишь только при развитии научных школ, человеческого капитала организации, поэтому это есть приоритет развития кафедры и факультета, университета. В качестве рекомендаций развития научных школ можно выдвинуть следующие положения:

- Совершенствование академической и исследовательской политики вуза, направленной на развитие **научных школ**; развитие научных традиций организации;
- Развитие докторантуры вуза в соответствии с требованиями Европейских стандартов качества образования, совершенствование исследовательской среды, УИРС и НИРС;
- Функционирование постоянно действующих научных семинаров (от ежемесячных еженедельные);
- Развитие финансирования НИР и лабораторий, совершенствование лабораторного оборудования;
- Поддержка НИР и рабочих групп под конкретные исследовательские задачи (матричная инновационная структура управления);
- Поддержка проведения международных научных форумов;
- Расширение внешних связей, коллаборация с зарубежными партнерами; совместные публикации;
- Преимущество в публикациях (индекс цитирования).

Литература:

1. Лешкевич Т. Г. Философия науки. – М.: Инфра-М, 2018;
2. Розов Н.Х. Понятие «научная школа» и проблема финансирования науки в России // Педагогика. – 2007.-№8. – С. 102-106;
3. Мансуров З.А. Научные школы и направления в КазГУ // Горение: статьи, очерки, выступления. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – С.244-256;
4. Спанкулова Л.С. Диффузия инноваций и перетоки знаний в регионах Казахстана: монография. Алматы, 2020. 233 с.;
5. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі педагогика ғылымы: тарих және қазіргі заман: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Педагогика кафедрасына 70 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Жаңа Қазақстандағы тарихи-психологиялық зерттеудің маңыздылығы

Ж. СЕЙІТНҰР

Аннотация

Бұл мақалада бүгінгі таңда тарихи-психологиялық зерттеулердің маңызы ашылады. Еліміздегі психология ғылымы дамуындағы кейбір түйткілді мәселелер талданады.

Кілт сөздер: Отандық психология ғылымы, тарихи-психологиялық зерттеулер әдіснамасы

Аннотация

В этой статье раскрывается значение историко-психологических исследований. Анализируются некоторые проблемные вопросы развития психологической науки в стране.

Ключевые слова: Отечественная психологическая наука, методология историко-психологических исследований.

Annotation

This article reveals the importance of historical and psychological research. Some problematic issues of the development of psychological science in the country are analyzed

Keywords: Domestic psychological science, methodology of historical and psychological research.

Қазақстан 2022 жылдың қаңтарынан бастап өзінің саяси дамуында жаңа бір кезеңге аяқ басты. Тарих біздің көз алдымызда жасалып жатыр. Бұл қоғамның күллі саласына өз ықпалын тигізуде. Құндылықтарды қайта бағалау, өткеннен сабақ алу өзекті болуда. Әсіресе, идеологияға жақын қоғамдық ғылымдар болып жатқан өзгерістерге өз бағасын беріп, оның себеп-салдарын зерттеуге тырысуда. Осындай жағдайда, ғылыми рефлексияның маңызы арта түседі. Біз «қандаймыз және қайда барамыз?» деген сауал күн тәртібіне қайта шықты. Зерттеушілер білімнің пайда болуы мен қабылдануының әлеуметтік, мәдени, идеологиялық әсерге, яғни қоғамның сұраныстары мен талаптарына тәуелділігін біледі.

Жалпы мемлекеттік саясаттың ғылым дамуына, ғылыми шығармашылыққа тигізетін ықпалын психология ғылымы өз тарихында талай бастан кешті. Мысал ретінде, кеңестік дәуірдегі педология мен психотехниканың тарихын айтсақ та жеткілікті. Олардың жойылуы туралы клиникалық психология маманы, психология ғылымдарының докторы Николай Сергеевич Курек арнайы кітап та жазды. [1]. Алысқа ұзамай-ақ қояйық, біздің университеттің тарихында «этникалық және педагогикалық психология» атауы бар кафедраның жойылуы көз алдымызда өтті. Алайда қаншама ғылым докторлары мен кандидаттары этнопсихология бойынша зерттеулер жүргізді. Сонда олардың зерттеулерінің ғылыми құндылығы, эвристикалық әлеуеті болмағаны ма? Шынында да, сапалы теория мен концепциялар одан әрі ғылыми ізденіс үшін жаңа идеяларды ынталандыруы керек еді. Институционалдық өсуге әкелуі тиіс еді. Бірақ олай болмай шықты. Психология тарихынан алған сабақтың бірі жүргізілген және жасалып жатқан ғылыми-зерттеу бағдарламаларының оң және теріс эвристикасын анықтау. Ол үшін арнайы тарихи-психологиялық зерттеулер керек.

Психология тарихшылары келешегі бар идеялармен бірге психологиялық теория мен практиканың дамуындағы қателіктерді, тұйыққа тірелген жайттарды ашып көрсетуі, олардың қайталанбауын болашақ зерттеушілерге ескертуі тиіс. Тарихи-ғылыми зерттеу барысында анықталған қателіктер де маңызды. Тарихтан сабақ алу кемшіліктерді мойындаудан басталады. Ғылымның өз логикасынан бөлек, ғалымның жеке басының рөлі, оның сол ғылымның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өте маңызды болып шықты. Сол себепті өмірбаяндық әдістерді қолдана отыра жеке ғалымдардың ғылыми мұрасын арнайы зерттейміз де. Ол сара жол ма, әлде қара жол ма, нұрлы жол ма әлде улы жол ма, бәрі таразыға түседі. Мұнда жүйенің келтірген залалы да және ғалымның жеке қасиеттері мен позициялары да ескеріледі. Тарихи-ғылыми зерттеулердің бағалау функциясын қаласаң да, қаламасаң да ешкім жоққа шығара алмайды.

Ғылым дамуына түрлі факторлар әсер етеді. Мәселен, әлеуметтік жағдай ғылымның дамуына бірнеше жолмен әсер етуі мүмкін: 1) ол белгілі бір концепция мен теорияның дамуына жағдай жасайды. 2) ғылыми теорияның қоғамның күтуі мен үміттеріне сәйкес келуі осы теориялармен жұмыс істеуге неғұрлым қабілетті зерттеушілерді тартуға ықпал етеді. Мемлекеттің ғылымға қатысты саясаты да көп жайды анықтайды. Мысалға, Қазақстандағы психология ғылымы дамуын тежеген XX ғ., 30-40 жылдарындағы саяси қуғын-сүргінді айтсақ болады. Немесе кейде мемлекет тарапынан болып жатқан асығыс, қате шешімдер де ғылым дамуына кері әсер етеді.

Жоғары білікті кадрларды даярлау саясатындағы қателіктер ғылымда тұтас бір жоғалған буынның пайда болуына әкелді. Қазақстанда Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелеріне ұсынылған диссертацияның ғылыми нәтижелерін шетелдік компаниялардың (Томсон Рейтер, Scopus) деректер базасына кіретін, жоғары импакт-факторға ие халықаралық ғылыми журналда жариялау талабы да қазақтілді жастарды ғылымға тартуға кедергі болды. Лингвистикалық теңсіздік орын алды. Ғылыми диссертация қорғау қарқыны күрт төмендеді. Отандық зерттеулердің халықаралық журналдарда жарияланумен қатаң байланыстыру оңтайлы шешім еместігін мойындауымыз керек. Ғылым саласында Матай (Матфей) эффектісі (ағылш. Matthew effect) байқалды. Яғни, артықшылықтардың біркелкі бөлінбеуі құбылысы, онда оларды иеленуші тарап оларды жинақтауды және көбейтуді жалғастырады, ал екіншісі, бастапқыда шектеулі, одан да қатты айырылады, сондықтан одан әрі табысқа жету мүмкіндігі аз болады. Ғылымды өлшеу саласында ғалымдардың жұмысы танылуындағы теңсіздікті азайту мақсатында кейбір қадамдар жасалып жатыр. Қазір ақырындап сең бізде де қозғала бастаған секілді.

Тағы бір маңызды фактор – белгілі бір психологиялық теорияны жасаушы ғалымның жеке басы, оның құндылық бағдарлары, когнитивтік стилі, ерік-жігері, әріптестерімен қарым-қатынас ерекшеліктері, белгілі бір ғылыми мектепке қатыстылығы және т.б. Ғалымның жеке басын, оның өмірбаянын талдау ғылыми міндеттерді таңдаудың қалай жүретінін, оның сенімдері үшін қалай күресетінін, қоғамдық пікірге қалай қарсы тұра алатынын түсінуге мүмкіндік береді. Негізі ғалымдардың зерттеулері ешкімге керек болмай архивте құр шаң басып жатпауы керек. Немесе бір шектеулі топ қана білетін дүние болмауы тиіс. Ғылыми зерттеу нәтижелерін дәріптеп көпшілікке тарату, танымал ету де керек екен. Зерттеушінің өз басы кішіпейіл әрі қарапайым болса, насихаттау жұмысын тарихшылар қолға алуы тиіс. Ғылым тарихшы солардың ішінен құнын жоғалтпаған идеялар мен мағлұматтарды іріктеп алып оқулыққа енгізуі шарт. Кенді өңдеп ішінен құнды затты екшелеп алғандай.

Психология тарихшылары психология тарихының тәрбиелік функциясына ерекше көңіл бөледі. Зерттеуші В.А. Кольцова психология тарихының тәрбиелік функциясын тек кәсіби мәдениетті ғана емес, сонымен бірге зерттеушінің жеке тұлғасын қалыптастырумен байланыстырады [2]. Тарихты жазған адам болашақты қалыптастырады. Кім оны қалай жазып түсіндіреді, көпшілік солай қабылдайды. Әсіресе, оқулыққа кім қалай кірді, кейінгі ұрпақ сол түсінікті алады. Егер тарихты басқалар

жазатын болса, өмірге солардың көзімен қараймыз. Тарих – ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруда таптырмас құрал. Бұл жерде біз қазірдің өзінде өзге елдердің тарихшылары жазған кітаптардың қазақстандық студенттердің санасына енгізетін көзқарастары мен құндылықтары туралы айтып отырмыз. Психология тарихына қатысты кез келген кітапты алып қарасақ, онда қазақстандық авторлар есімдері, олардың еңбектері жоқ. Бізге көрші Ресейден келген оқулықтардың да ықпалы өте зор. Ол кітаптың авторлары кейде өз көзқарастарын саяси құралға айналдырып отыр. Көрші мемлекеттің тарихшылары біздің елдің өкілдерінің кез келген салаға, соның ішінде ғылымға қосқан үлесі мен маңызына күмән келтіре отырып, тарихи фактілерді өз бетінше түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар оқу орындарының білім беру бағдарламаларына да ықпал ете алды. Бұдан біз төл тарихымызды өзіміз жазудың қажеттілігі айқын көрінеді.

Психология ғылымының бейнесін құрудағы тарихи-психологиялық білімнің рөлі өте зор. Егер психология психикалық болмысты зерттесе, оның тарихы әр түрлі кезеңдердегі психикалық болмыс туралы түсініктердің, көзқарастардың қалыптасуын зерттейді. Психология тарихы студенттерде сол ғылымға қатысты көзқарастары қалыптасуына және оқушының қандай құндылықтарды меңгеретініне үлкен әсер етеді. Ол тек психологиялық білімнің қайнар көзі ғана емес, тұлға дүниетанымын қалыптастыру құралы. Нені оқисың, соны сіңіресің.

Өзге жұрттың білімін үйрену қажеттігі қазақстандық мазмұнды жоққа шығару дегенді білдірмейді. Әдіс пен технология сырттан келсе де (импорттау), материал отандық болуы шарт. Оның үстіне қаншама қарқынды жаһандану болып жатса да адам өзінің туған ұлты мен мемлекетінен бас тартпайды екен. Отаншылдық сезімі, өз еліне бүйрегі бұру кейде табиғи қасиет сияқты. «Ұлттық Мен» сезімі маңызын жоймайды. Геосаяси текетірес кезінде қайта ол асқына түседі. Өзекті бола бастайды. Ғылымдағы ұлттық мүдде маңызды бола бастайды. Ұлттық санасы бар адам сырттай болса да өз ұлтына жанкүйер, тілеулес болады.

Психология ғылымының дамуын анықтайтын маңызды мәселелердің бірі оның әдіснамалық негізі болып табылады. Шетелдік психологияда әдіснамалық негіз зерттеудің қай бағытта жүргізілетініне байланысты анықталады. Олар бихевиористік, когнитивтік, психоаналитикалық, гуманистік тұғырлар және т.б. болып бөлінеді. Осыған байланысты гуманитарлық білімнің әдіснамасын және, атап айтқанда, тарихи-психологиялық зерттеулерді қалай құруға болады?

Тарихи-гуманитарлық білімді зерттеудің кейбір әдіснамалық тұжырымдамаларын қарастырып өтейік. Бірқатар кәсіпқой тарихшылар

(«тарихи мектептің» өкілдері) позитивизм ықпалына бой алдыра отырып, «эмпирикалық тарихты» нағыз «позитивті» ғылымға айналдыруға тырысты, олардың міндеті оқиғаларды қалай орын алды дәл солай суреттеу деп есептеді. Тарихи дереккөздер олар үшін жаратылыстану ғылымындағы зерттеулердің позитивистік моделіне ұқсастығы бойынша эксперименттік деректер ролін атқарды. Ал оны субъективті түсіндіруді қате деп есептеді.

Біз ғылым тарихындағы позитивистер мен неокантшылдар арасындағы пікір таласты жақсы білеміз. Мәселен, В. Виндельбанд жаратылыстану тұғыры ерекшеліктерін талдай отырып, оның жалпылау (генерализация) әдісіне негізделгенін атап өтті. Жаратылыстану үшін бір ғана жеке оқиға, жағдай қызығушылық тудырмайды, тек табиғатты жалпылама сипаттау ғана мәнге ие болады. Кез келген жеке жағдай теориядан туындауы және заңға бағынуы мүмкін, оның дербес құндылығы жоқ ерекше бір көрініс ретінде қарастырылуы мүмкін. В. Виндельбанд бұл тұғырды номотетикалық деп атады. Ал тарих ғылымы идиографиялық тәсілге жүгінеді, яғни жекелеген жағдайларды талдау әдісіне (мысалы, жеке тарихи оқиға, ел тарихындағы белгілі бір кезең, көрнекті тұлғаның өмірбаяны, т.б.) көңіл бөледі. Сонымен, гуманитарлық ғылымдар әдісінің ерекшелігі жеке феноменді бөліп көрсету болып табылады: жеке және ерекше құбылыстар да мәнді. Неміс ғалымы Генрих Риккерт өз тұжырымдамасында «құндылық принципінің арқасында ғана мәдени процестерді табиғат құбылыстарынан ажыратуға болады» деп атап көрсетті. Болмыстың барлық құбылыстары екі түрлі болуы мүмкін: құндылықтармен байланысты құбылыстар және олармен байланысты емес құбылыстар (құндылық-бейтарап). Неокантшылар көзқарасы бойынша тарих тек мәдениет туралы ғылым бола алады, өйткені оның объектісі құндылықтармен байланысты, тарих бір нәрсені ғана емес, бүкіл адамзат тарихы үшін ең жоғары мәнге ие нәрсені зерттейді. Ал белгілі бір халықтың мәдениеті сол халықтың ішкі құндылықтарын білдіргенде ғана халықаралық мәнге ие болады. Біреуді қайталау ешкімді қызықтырмайды. Неокантшылар гуманитарлық ғылымдарға құндылықтар факторын енгізді.

В. Дильтей сияқты ғалымдар өз ілімінде түсіну әдісіне басымдық бере отырып, психологиядағы герменевтикалық әдістің негізін қалады. В. Дильтей рух туралы ғылымдар әдісінің ерекшелігін ерекше атап көрсетті (оған психология, тарих, философия, өнер, әдебиет, эстетика, этика, т.б. кірді), оны жаратылыстану ғылымдарының әдістерінен бөледі. Рух ғылымдарының басында ол өзінің көзқарасы бойынша олардың негізін құрайтын сипаттамалық психологияны қойып, түсіну әдісін алға тартты. Түсіну әдісі адамның құндылық бағдарларымен байланысты

психикалық өмірдің семантикалық мазмұнына енуді қамтиды. Тұлғаның дамуы құндылықтардың сапалы өзгеруіне байланысты. Дильтей рух туралы ғылым ретінде сипаттамалық психологияны жаратылыстану әдісіне негізделген түсіндірме психологиясына қарсы қойды.

Ресей психологы С.Л. Рубинштейн жаратылыстану білімінің объективті «позитивистік» бағытын талдай отырып, ол жаратылыстану әдісінің гуманитарлық білімге қолданылмайтындығы туралы қорытынды жасады. Гуманитарлық білімнің әдіснамалық негізі ретінде ол субъект идеясын алға тартты. «Бұл субъективтілік емес, субъектілік, оның пікірінше, гуманитарлық әдіснаманың ерекшелігін ашады...» [3].

Тарихшының ғылыми таным үдерісіндегі рөлі мен міндеттері туралы мәселенің ерекше маңыздылығын ескере отырып арнайы қарастырайық. Ол «құрғақ» фактілердің пассивті тіркеушісі бола ма, өткен оқиғалардың барынша объективті бейнесін жасайды ма, әлде ол ішкі (интуитивті) ресурстарды немесе сыртқы (әдістемелік) бағдарларды қолдана отырып, фактілерді таңдап, олардың тізбегін құру арқылы ақпаратты белсенді қабылдайды ма? Жалпы, объективті тарихнама болуы мүмкін бе? Психология тарихы өзі зерттейтін процестерді қайта қалпына келтіреді, сондықтан ол қайта құрушы (реконструкция) пәні болып табылады, ал өткенді психологиялық-тарихи реконструкциялау әдісі оны зерттеудің негізгі әдісі болып табылады. Тарихи-ғылыми таным тарихи дереккөздерге негізделеді және олардың табиғатымен тікелей анықталады, сондықтан ол жанама сипатта болады. Сондай-ақ, тарихи зерттеу барысында біз жай корреляциялық байланыстарды не кездейсоқ оқиғаларды себеп-салдарлық, детерминирленген оқиғалар мен заңдылықтардан ажырата аламыз.

Тарихи-психологиялық зерттеулер құндылық фактордан тыс бола алмайды. Бір ескеретін жай, болашақ ғалымдардың әлеуметтенуі әр түрлі әлеуметтік жағдайларда, әр түрлі әлеуметтену институттарының әсерінен өтеді. Сондықтан олар әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарда болады. Біреулері шетелге табынуды жөн көрсе, басқалары отандық сабақтастық пен төлтумалық ұстанымын тәуір көреді.

Тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіз Қазақстандағы әлеуметтендіру және кәсібилендіру институттары жүйесінің арасындағы маңызды айырмашылық институттардың түрінде емес, олар жеткізетін әрі тарататын құндылықтарда болды. Және ұлттық сананың өсуі де қоғамдық ғылымдарға әсер етті.

Әлемдік психологиядағы қазақстандық психология бейнесі қандай? Қандай кірпіш боп қаланамыз? Бұл онтологиялық мәселе, біздің дербес психологиямыздың болу проблемасы екен. Тіпті көрші Ресейдің психо-

логтары қазіргі заман жағдайында «отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылым біртіндеп шетелдік ғылым жасаған білімді (сонымен қатар гипотезаларды, интерпретацияларды, қате түсініктерді және т.б.) біздің әлеуметтік тәжірибемізге тарату (трансляция) механизміне айналады» деп аяусыз шыншылдықпен жазуда [4, 22].

Біз де Ресей секілді әлемдік ғылымның «енді ғана дамып келе жатқан» провинциясының өкілдері болып табыламыз. Ал ғылымның негізгі міндеті – «жергілікті топыраққа батыстық рецепттерді енгізу». Отандық ғылым саласы жаңа білім өндірушілер ретінде жоғала бастайды. Төлту-малық, «интеллектуалдық егемендік» туралы сөз қозғамасақ та болады.

Бүгінгі таңда жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуы оларды ең алдымен шетелдік психологияның тәжірибесін белсенді игеруге бейімдейді. Отандық ғылымның Батыс психологиясымен бірігуі күшейіп келеді және бұл процесс біржақты сипатқа ие болуда. Отандық ғалымдар шетелдік авторлардың концепциялары мен теорияларын аударарды, баяндайды, үзінді және сілтеме келтіреді және университеттердің білім беру бағдарламаларына қосады. Қарсы жүріс, қозғалыс іс жүзінде жоқ.

Бүгінгі таңда отандық кітап нарығы шетел әдебиеттерімен, соның ішінде студенттер де, оқытушылар да оқу процесінде кеңінен қолданылатын тамаша заманауи оқу басылымдарымен толтырылған. Мұның игі жағы болғанымен, екінші астары да бар. Төлтума оқулықтар жазу қажеттігі жоғалады. Қазіргі уақытта отандық ғылымда прагматикалық, қолданбалы бағыттардың басым дамып келе жатқандығына байланысты жағдай тіпті асқынып кетті. Сәйкес шетелдік концепциялар мен теориялар сыни тұрғыдан қабылданбайды. Олардың Қазақстандықтардың менталитетіне келу не келмеу жағы мүлде қарастырылмайды десе де болады.

Жалпы еліміздегі психология ғылымының тарихи тамыры қайда? Түркі ойшылдарының ең атақтысы Әл-Фарабиден бастап Асанқайғы, Шалкиіз, Мұхаммед Хайдар Дулати, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет, т.б. ақын-жыраулар, Абай мен Шәкәрім, Алаш қайраткерлерінің мұраларына негізделе ме? Әлде кеңестік замандағы отандық психологияның институционалдық дамуынан бастаймыз ба? Санақ нүктесін таңдау да оңай болмай тұр.

Қазақстандық психологиялық ғылымның институционалдық құрылуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары басталды. 1946-47 жылдары республиканың екі жетекші жоғары оқу орындарында (КазГУ мен КазПИ) психология кафедрасы мен психология бөлімдерінің ашылуы маңызды оқиға болды. Мәселен, біздің Қазақ университетінде психология бөлімінің ашылуына, сол кездегі университет ректоры Төлеген Тәжібаевтың ықпалы үлкен болды. Еліміздің психологтары жетекші уни-

верситетті басқара алатынын көрсетті. Басқарудың әкімшілік тұтқалары кімнің және қандай мамандық иесінің қолында болса, сол ғылым саласы жақсы дамитынын байқаймыз. Педагогика және психология кафедралары мен психология бөлімдерінің пайда болуы, мектептерде психология пәні оқытылуы, журналдарды, кітаптарды басып шығару – мұның бәрі мемлекет тарапынан үлкен қолдау мен мүдделік көрсету арқасында ғана орын алды.

Келесі бір аспекті – мемлекеттік қолдау тұрғысынан Қазақстандағы психология ғылымының даму тарихын қарастыру. Бұл үшін отандық психологияның институционалдық дамуын талдау қажет. Ресейде мұндай зерттеулер жеткілікті. Мәселен, психология тарихшысы Игорь Никитович Семенов ұсынған институционалдық-персонологиялық тәсіл өзінің ойға қонымдылығын көрсетті. Бұл тұғыр әлеуметтік-мәдени және ғылыми талдау парадигмаларының қиылысында дамиды. Психологияның эволюциясын тарихи-ғылыми зерттеу үшін дәстүрлі тәсілдермен қатар (мән-жайларды анықтау, оқиғаларды, идеяларды, концепцияларды, эксперименттер мен заңдылықтарды талдау), психологтардың зерттеу және ұйымдастырушылық қызметі жүзеге асатын институттардың психологияны дамытудағы маңызды рөліне назар аудартады (институционалдық аспекті). Мұндағы басты субъектілер ретінде ғылыми ұжымдар, мектептер, сондай-ақ олардың қатысушылары мен оларды басқарған көрнекті ғалымдар алынады [5].

Қазақстандық психологиялық ғылымның институционалдық құрылысы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары басталды. 1946-47 жылдары республиканың екі жетекші жоғары оқу орындарында психология кафедрасының ашылуы маңызды оқиға. Педагогика және психология кафедралары мен бөлімдерінің пайда болуы, әр мектепте психология пәні оқытылуы, журналдар, конференциялар өткізу – мұның бәрі мемлекет тарапынан үлкен қызығушылықтың, мүдделік көрсету арқасында ғана болуы мүмкін.

Қорыта айтсақ, бүгінгі күні психологияның іргелі, қолданбалы және практикалық мәселелерін шешуде тарихи-психологиялық зерттеулердің қажеттігі еш күмән тудырмайды.

Әдебиеттер:

1. Курек Н.С. История ликвидации педологии и психотехники в СССР. – СПб.: Алетейя, 2004 - 330 с.
2. Кольцова, В. А. История психологии. Проблемы методологии / В. А. Кольцова. – Москва : Институт психологии РАН, 2008. – 511 с.

3. Абульханова-Славская К.А. Брушлинский А.В. Философско-психологическая концепция С. Л. Рубинштейна. М., Наука, 1989. - 248 с.

4. Юревич А.В. Социогуманитарная наука в современной России: адаптация к социальному контексту. Препринт WP6/2004/02. — М.: ГУ ВШЭ, 2004. - 28 с.

5. Семенов И.Н. Взаимодействие Б.Ф. Ломова и Я.А. Пономарева в институциональном развитии психологии творчества // История отечественной и мировой психологической мысли: Постигая прошлое, понимать настоящее, предвидеть будущее. М., 2006. - 567 с.

Мүгедек балалармен жүргізілетін іс шаралардың әлеуметтік психологиялық мәселелері

Б. БАЙЖҰМАНОВА

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының анықтамасы бойынша, дені сау бала – бұл әрбір баланың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, қарапайым өмірлік стрестерді жеңе алатын, өнімді және жемісті жұмыс істей алатын, сонымен қатар өз қоғамдастығының өміріне үлес енгізетін жағдайы. Біздің күнделікті жұмыс істеп отырған мүгедек балалардың денсаулығының нашар болуына қарамастан, олардың өзін бақытты санай алатын, психикалық жайлылық күйін үнемі қамтамасыз етіп отыруымыз қажет. Мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалардың тәндік ерекшеліктері әрдайым жайсыздықты сезінеді, келеңсіздікті басынан кешіреді. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізуде ең алдымен, олардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас белсенділігі мен көңіл-күйінің көтерілуіне бағытталған іс-шараларға көп көңіл бөлген маңызды!

XX ғасырдың басында неміс педагог-дефектологы П. Шуманның «бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» деген асыл сөзінен даму мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істеу өте қиын екенін көреміз. Қазіргі кезде Түркістан қаласындағы мүгедек балаларды оңалту орталығында кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы іс-шаралар жүргізіледі. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім-білік дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі

тәрбиелік, дамытушылық жұмыстар жасалады.

Біздің мүгедек балаларды оңалту орталығында балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына ең алдымен балалардың жан дүниесіне жылылық ұялату мақсатында, балалардың кемістігіне байланысты жайсыздықты сезінбес үшін олармен жүргізілетін іс-шараларды жағымды эмоциялық сипатта жүргізу міндеттері қойылады.

Дамуында әр түрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқыту үрдісінде мұндай балаларға оқу материалын меңгерту үшін арнайы мектептер мен мекемелерде арнайы білім берудің мазмұны мен әдістерін жасау және оны негіздеу қажет. Әсіресе, ауылдық жерлерде туа біткен, сонымен қатар еліміздегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулар салдарынан, мектепке бару бақыты бұйырмаған балалар бар. Осы балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп педагогтары көптеген жұмыстар атқарып келеді. Әр педагог біріншіден, баланың көңіл-күйіне қарап, динамикалық бақылау күнделігін жүргізіп отырады. Баланы мектепішілік іс-шараға қатыстырады немесе көрермен ретінде көруге шақырады. Екіншіден баланың ата-анасымен сөйлеседі, пікірлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан гөрі ата-анасымен қосылып, жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Ол үшін оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға ешқандай қиыншылық туғызбайтын жағдайлар қадағаланады.

Баланың тәні сау болмаса да, жаны сау екендігін сездіретіндей әлеуметтік, психологиялық іс-шаралар ұйымдастырып отырамыз. Әлбетте, баланың қуанышы мен реніші оның сыртқы көрінісінен айқын, анық байқалып тұрады. Сондықтан, баланың көңіл-күйін бақылай отырып, оқыту және тәрбиелеу барысын ойын сипатында жүргізген тиімдірек деп шештік.

Олай болса, мүгедек балалармен кез келген уақытта жүргізуге болатын бірқатар ойындарды ұсынамыз.

«Қандай эмоция екенін ойлап тап». 4-10 жастағы балалар өздерінің бет-жүзінен ұялады. Ал көпшілік алдында бет-әлпетін қисайту арқылы эмоция түрін келтіруден тіпті ұялады, сондықтан, бұл жаттығуда белсенді рөлді алып, балаға үлгі көрсетеді. Балаларға актерлік ойындар қатты ұнайды, сондықтан да сіз баламен мимикалық, пантомимикалық әрекет жасау арқылы ойнай бастаңыз. Бала өзінің рөлдік ойынды жақсы ойнағанын сезініп, одан әрі рөлге кіре бастайды. Бала рөлдік ойынды қиындықсыз орындай бастағанда, жаныңдағы құрдастарын ойынға тартыңыз. Ойынның ережесі қарапайым: жүргізуші мимика арқылы бір эмоцияны көрсетеді, ал балалар оны тауып, көрсетуге тырысады. Қай бала ең бі-

рінші болып эмоцияны тапса және оны қайта жаңғыртып бере алса, сол бала ұпай ретінде бір жұлдыз алады. Ойынды бастаған кезде, қарапайым эмоцияны жасыру арқылы бастаймыз. Мысалы: таң қалу, қорқыныш, қуану, ашулану сияқты эмоцияның түрлері. Ақырындап сезімдер диапазонын кеңейтеміз, эмоцияның түрлі бояуларын енгіземіз (түршігу, ашулану, зығырданы қайнау).

«Мимика, пантомимика». Бұл жаттығу айна алдында жүргізіледі.

1-жаттығу. Жүргізуші ертегілердегі кейбір сюжетте болған эмоциялық күйді сипаттайтын оқиғаларды келтіреді, ал балалар мимика арқылы кейіпкердің эмоциясын бейнелейді.

1. «Олар менен қорқады. Мен соншама қорқыныштымын ба?» - деп ойлады үйрек. Алды артына қарамай жүгіре берді. Кенеттен жабайы үйректер тұратын шалшыққа келеді. Ол шаршаған, мұңлы күйде түні бойы отырады.

2. ...Міне енді ол қанаттарын қаға бастады, сымбатты мойыны түзеліп, көкірегінен жанды дауыс жұлынып шықты: «мен бұндай бақытты ұсқынсыз үйрек болғанда армандар ма едім». (Андерсен «Гадкий утенок»)

3. Герасим қарап тұрып қатты күліп жібереді... Түні бойы ол итпен жүріп, оны ұйықтауға жатқызды. Өзі де оның қасында қуанышты да тыныш ұйқымен ұйықтап қалды.

4. Герасим ұзақ уақыт қарап тұрып, көзінен екі ауыр жас тамды. Біреуі иттің маңдайына түсті, ал екіншісі көк қосып пісірілген көжеге түсті. (И.С. Тургенев «Му-му»)

«Келесі эмоцияларды көрсетіп көрейік: тәкаппарлық, мұң мен таң қалу, ашулану, қуану. Жарайсыңдар!»

2-жаттығу. «Тыныс алу». Жүргізуші: Білесіздер ме балалар, түрлі эмоцияларда, адам әр түрлі дем алады? Әуелі, демімізді қалыпқа келтіріп, мұрынмен терең тыныс аламыз, мұрын арқылы күштеп, ақырындап тынысымызды шығарамыз. Адам қатты қорыққанда тыныс алуы қалай байқалады? Ал шаршағанда ше?

3-жаттығу. Жүргізуші: сіздер сәулет өнерінің маманымыз деп елестетіндер. 2 минут аралығында тобыңызбен қосылып мүсін көрсету керек, алайда бұл мүсіндер келесі эмоция түрлерін бейнелеуі қажет: Мұң және ашу. Қуаныш пен тәкаппарлық.

4-жаттығу. «Эмоцияны дағдылану». Жүргізуші баладан мына эмоция түрлерін көрсетуді өтінеді: көңілсіздену, күлу мен ашулану, қорқу, шаршау, демалу.

- Көңілсіз бол: күзгі бұлттар сияқты; ренжіген адам сияқты; мейірімсіз сиқыршы сияқты.

Күлімсіре: күнге қыздырылып жатқан мысық сияқты; қу түлкі сияқты; қуанышқа толы адам сияқты;

- Ашулан: кішкентай баладан балмұздағын алып алғандай ашулан; соғып жіберген адам сияқты ашулан;

- Қорқу: қасқырды көрген қояндай; ит үріп тұрған кішкене мысық сияқты;
- Шаршау: ауыр жүкті көтерген адам сияқты; үлкен шыбынды тасып келген құмырсқа сияқты;
- Демал: ауыр, арқаға асылған сөмкені шешкен турист; анасына көп көмегі тиген бала.

«Жануарлардың эмоциясы». Мақсаты: сыртқы эмоциялық көріністерді дамыту.

Ойын барысы: Қатысушылар үш адамнан бірнеше топқа бөлінеді. Топ ішінде балалар өзара кім бірінші, кім екінші және үшінші болып сайысқа түсетіндігі туралы келісіп алады. Осыдан кейін балалар жүргізушіден ойын инструкциясын алады. Бірінші ойыншы – кез келген жануарды ойлауы қажет, ал үшінші ойыншы – кез келген эмоцияның түрін. Осыдан кейін, бірінші және үшінші бала, қалған екінші қатысушыға осы екі тапсырманы құлағына айтады. Осы бала аудитория ішінде, айтылған жануар сияқты жүріп, оның эмоциясын бейнелейді. Қарама-қарсы топ, бұл қандай жануар екенін және қандай эмоциялық күйде екенін табу керек.

«Анасы мен бала». Жүргізуші балаларға ойыншықтар таратып, осы ойыншықтардың анасы болуды ұсынады. Оларға қамқор болуды, тамақтандырып, олармен ойнауды сұрайды.

«Гүл сыйлаймын». Балалар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші балалардың жұмылған алақанында гүлді елестетуді сұрайды. Жүргізуші: «Баяғыда гүл болыпты. Бір күні гүл күннің қызуынан ояныпты (күнді бейнелетіп, алақандарына жылы деммен үрлейді). Гүл баяу жапырақтарын жайды. Кенеттен суық леп білінді, гүлдердің жапырақтары жабылып қалды (енді балалар алақандарына суық леппен үрлейді). Ал енді өз гүліңді сол жағындағы көршіңе сыйға бер. Енді кері бағытта...»

«Досыңа бағытталған жол». Жүргізуші балаларды ватман қағазы бойына отыруын сұрайды. Және бір біріне бағытталған жолдарды салуды сұрайды, кейін осы жолдардың өзге балаларға бағытталуын салады.

«Балық аулау». Балалар шеңбердің бойына орналасып отырып, қолдарында қармақ ұстап отырғандай елестетеді. Балалардың әрқайсысы балық аулап, аулаған балығына қуанады.

«Тізбек». Жүргізуші балаларды әдемі, жарқын моншақтарға айналуын сұрайды. «Ал енді бір біріміздің қолымыздан ұстап, тізбек етіп тұрамыз». Жүргізуші тізбекті қолын үзбей тұруын сұрайды. Осы тізбекпен жүріп, бөрімен қоштасамыз.

Мұндай әлеуметтік-психологиялық сипаттағы ойындар, жаттығулар арқылы мүгедек балалар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял, елестеуі дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады, ұжымдық сезімі қалыптасады, ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Әдебиеттер:

1. Минаева М.В. Развитие эмоции дошкольников. Занятие. Игры. Пособие для практических работников детских дошкольных учреждений. Издательство Аркти. Москва.

2. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга. Учеб. пособие. – М.: Ось-89, 1999. – 176 с.

3. Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми: Руководство для детских психологов, педагогов, врачей и специалистов, работающих с детьми. – СПб.: Речь, 2006. – 160 с.

4. Фопель К. Энергия паузы. Психологические игры и упражнения: Практическое пособие/Пер с нем. – 4-е изд. – М.: Генезис, 2006. – 240 с.

Тұлғаның психологиялық дамуы

А. ХАЛЫҚОВА

Бүгінгі таңда *тұлға* – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені, қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғарғы талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде – жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша, тұлға – бұл адам өмірінің қоғамда туылуының ерекше түрінің психологиялық тұрғыда құрылуы. Әр түрлі іс-әрекеттің бірлесе бағынуы – онтогенезде тұлғаның қалыптасу негізін құрайды. Тұлғаның жүйелі қасиет ретінде пайда болуы – индивид басқа индивидтермен біріккен іс-әрекетінде, ақиқатты өзгертіп соның арқасында өзін де өзгертіп, тұлға дәрежесіне жетеді. Сонымен қатар тұлға – белсенділігімен сипатталады, яғни субъект өз шектеуінен тыс шығу ынталығымен, өз іс-әрекеттерінің саласын кеңейтуімен талап қойылған жағдайлардың шегінен тыс әрекет жасаумен (мотивация, жетістік, қауіп-қатерге тәуекел ету) сипатталады. Индивидтің тұлғасы бағыттылықпен бейнеледі, яғни үстем болып табылатын адамның қажетті көрініс беретін мотивтер – қызығушылықтар, сенімдер, көзқарас және т.б. жүйелермен бейнеленеді. Жеке тұлғаның психологиялық құрылымының екінші бөлігі жеке тұлғаның мүмкіншілігін айқындайды және белгілі бір іс-әрекетті нәтижелі қамтамасыз ету үшін *қабілеттіліктерді* қамтиды. Қабілеттіліктер өзара байланысты және бір-бірімен өзара әрекет етеді. Тәртіп бойынша қабілеттіліктердің бірі үстемдік етеді, жетекшілік етеді, басқалары оған бағынады.

И.С. Кон былай деп жазды: студент «Бір жағынан, ол нақты индивидті әрекет субъектісі ретінде, оның барлық жеке бас қасиеттерімен, әлеуметтік рөлдерімен бірге белгілейді. Екінші жағынан, тұлға индивидтің әлеуметтік қасиеттері ретінде, осы адамның басқа адамдармен тура немесе жанама өзара әрекеттесуі нәтижесінде түзілген бойындағы әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Тұлғамен қарым-қатынасқа түсетін адамдар оны еңбек, таным және қарым-қатынас субъектісінде көреді».

Тұлға – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойың, ерік-жігерін іске асыруға дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз – адамның өзіне тән қасиеттерін іске асыруы. Адам ойына келген іс-әрекетті іске асыруда ерікке жол береді. Бірақ адам бір нәрсені істерде алдымен еркін ақыл-парасат таразысына салып, оны іске асыру жөн бе, басқалар оған қалай қарар екен? -деген ойға қалады. Ерік-жігердің іске асырылуы ақыл мен санаға бағынышты.

Өмірде кейбір адамдар бір іс-әрекетті іске асырарда өте байыппен қарап, осының нәтижесі қалай болар екен деп «мың ойланып, жүз толғанып» іске кіріседі, ал кейбіреулер бірден ойына алғанын апыр-топыр іске асырып, кейін опық жеп жатады. Осының бәрі адамның ерік-жігер күшінің түріне байланысты.

Алайда, әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреу іштей булығып, көгеріп-сазарып, тас-түйін болып қатып қалады. Бұл әр тұлғаның эмоциялық сезімі өзін-өзі ұстай алу еркіне байланысты құбылыс.

Адамның даму және қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар орын алып келеді. Атақты грек философтары Платон және Аристотель адамның дамуын, алдын-ала тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді. Аристотель құл болушылық немесе бағынушылықты табиғаттың заңы деп атады.

Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады.

Тұлға – бұл шынайы жоғары интегративтік, бұзылмайтын біртұтас жүйе. Тұлғаның қалыптасуындағы орталық бөлім болып – адамның мотивациялық аймағының, яғни оның талаптарының, тілектерінің, ұмтылыстарының және ниеттерінің дамуы саналады. Қажеттіліктер қанағат-

танылуы керек, ал бұл оларды қанағаттандыратын амалдарды іздеуге және табуға бағытталған әдістер мен құралдардың пайда болуын және оларды жетілдіруді қажет етеді.

Шетелдік ғалымдар А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Е.В. Зинченко, Л.С. Выготский, Л.И. Божович, И.С. Коң, Б.Г. Ананьев тұлға туралы ой-пікірлер айтқан. Ал Отандық ғалымдардың тұлға мәселесі Ж.И. Намазбаеваның жетекшілігімен және оның шәкірттерінің, яғни Л.О. Сәрсенбаева, Р.Ш. Сәбірова, Л.В. Пилипчук, С.Ж. Өмірбекова, Г.Т. Бекмұратова, С. Қалиев және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде белсенді түрде дамуда. Ж.И. Намазбаева тұлға мәселесін зерттеуінде әр түрлі іс-әрекет (ойын, еңбек, спорт, оқу) барысындағы жас ерекшелік шамасының тұлғалық компоненттерінің механизмдері мен функцияларын белгілеуге түйінделетін кешенді көзқарастарды жетілдірді. Мұндай көзқарастардың жүзеге асуы – толығымен тұлғаны қарастыруға мүмкіндік береді.

Мектеп мұғалімдеріне арналған психологиялық тренинг

Р. АБДИКАЛИЕВА

Мақсаты: тренингке қатысушыларға айналасындағы адамдармен, қоршаған орта, өзін-өзі қалыптастыру барысында талдау жасауда сүйенетін психология ғылымынан мәлімет беру.

Қажетті құралдар: суреттер, нақыл сөздер, тренинг ережесі, шар, маркер, ақ парақ, бейджик, скотч, геометриялық фигуралар.

Тренинг жоспары:

1. «Менің жаңа есімім...»;
2. Психогеометриялық тест;
3. «Менің белгім» анкета толтыру;
4. Энергоджайзер «Шеңбер»;
5. Топқа бөлу;
6. Топпен жұмыс «Қазіргі мұғалім моделі»;
7. Ойын «Керемет жаман сурет»;
8. Рөлдік ойын «Педситуация»;
9. «Сіз кімсіз?» ойын-тест;
10. «Аяқталмаған сөйлем» жаттығуы;
11. «Тату алақан» жаттығуы;
12. Рефлексия.

Барысы: «Менің жаңа есімім...» Әр қатысушы өзін осы тренинг бойы кім деп атағанын қалайды, сол есімді қағазға жазып, бейджикке кіргізеді. Бұл есім тренинг барысында сол адамның есімі болады.

Психогеометриялық тест. Әр қатысушы өзі таңдаған фигураға байланысты мінездемесі оқылады.

Шаршы – ұйымдастырғыш, дәлдік бақылауға қатал, қадағалайтын, ойлаушы, нұсқаушы, ақпаратқа байқампаз, хабаршыл, жазбаша сөздікке ынталы, ұқыпты, тазалық сүйгіш, сақтанғыш, суық, үндемейтін, қырсық, табанды, еңбексүйгіш, эрудициясы басым, бас саясаткер, достары мен таныстары шағын, еңбекқор адам.

Үшбұрыш – көшбасшы, билікке талпынғыш, тазалықты сүйгіш, жеңіске құмар, өз-өзіне сенімді, шешім қабылдағыш, батыл, сезімі күшті, энергиясы жеткілікті, қауіп-қатерге жақын, лауазымды қызметкер, шыдамсыз саясаткер, сөз тапқыш, ортадағы қарым-қатынас кең, жақын достары мен ортасы шағын, көшбасшы адам.

Тіктөртбұрыш – көңіл-күйі өзгермелі, өз-өзін қадағаламайды, қозғыш, көп нәрсені білгенді ұнатады, батыл, өз-өзін төмен бағалайды, өз-өзіне сенімсіз, басқаларға сенгіш, жылдам, көңіл-күйі жылдам өзгереді, даудамайдан қашады, тиянақсыз, ізденімпаз адам.

Шеңбер – қарым-қатынасты жоғары бағалайтын, өзгелерді қадағалайтын, кең пейілді, түйсігі жақсы дамыған, шыдамды, эмоционалды, сезімтал, сенгіш, тез шешім қабылдай алмайды, бас саясаткер, әңгіме айтқанды ұнатады, біреуді көндіре алады, өзгелерге көзқарасын дәлелдей алады, өткен өміріне көп көңіл бөледі, көпшіл, ынталы, достары мен таныстары көп, мейірімді адам.

Зигзаг – көңіл-күйі өзгеруге бейім, креативті, білімге ынталы, түйсігі жақсы дамыған, өз идеяларына ұстамды, арманшыл, болашаққа талпынысы жоғары, барлық жаңа өзгерістерге қызығушылығы жоғары, қағаз жұмыстарын ұнатпайды, адамдардың ортасында бірқалыпты, ойын-сауыққа құмар, қаржы мәселесіне немқұрайлы қарайды, шығармашыл адам.

«Менің белгім» анкета толтыру, таныстыру. Мынадай 4 сұраққа жауап жазады (сөзбен, сурет арқылы): Менің отбасым. Менің жақсы мінезім, жағымсыз мінезім. Менің белгім. Мұғалім ол - ...

Энергоджайзер «Шеңбер». Барлық қатысушы шеңберге тұрып, көзін жұмып, әр түрлі қимыл жасайды. Алақанды екі рет соққанда көздерін ашпай, ешкіммен сөйлеспей, шеңбер жасаулары керек. Алақанды 3 рет соққанда көздерін ашады. Бірігіп жұмыс істей алатын адамдар және бір-біріне сене алатын адамдар тез шеңбер құрады.

Топқа бөлу. Суреттің қиындылары бойынша топ құрау.

Топпен жұмыс «Қазіргі мұғалім моделі. Ол қандай?».

Презентация.

Ойын «Керемет жаман сурет». Топтар бір-біріне сурет салып бере-

ді, келесі топ оны жаман қылып өзгертіп қайтарады, қайтарылған суреттерін топтар қайтадан әдемі сурет етіп салулары керек.

Топпен жұмыс. Рөлдік ойын «Педситуация». Әр топ өз тәжірибесінде болған бір ситуацияны сахналайды, қалған топтар оның шешімін айтуы керек. Сосын шешімдер салыстырылады.

«Сіз кімсіз?» Тест. Қатысушыларға жай адамның бойында кездеспейтін керемет қабілеттердің бірін таңдау ұсынылады. Содан кейін қорытындысы оқылады.

1. Биікке ұша білу қабілеті. Сізге болған жағдайды сол қалпында қабылдау оңай, іс-әрекетте тәуелсіздікті ұнатасыз, өз бетіңізбен шешім қабылдағанды жақсы көресіз, оның ішінде қауіпті шешімді де. Сізден жақсы ұшқыш немесе саясаткер шығады. Әлемді өзгертетін жаһандық жоба туралы ойланыңыз.

2. Өткен ғасырларға саяхат жасай алу қабілеті. Сізді болған жайттың себептері қатты қызықтырады. Өткен қателіктерден сабақ алып, үйренуді ұнатасыз. Сізден жақсы сарапшы, тарихшы, жазушы, археолог, ғалым шығуы мүмкін.

3. Көрінбей қалу қабілеті. Көлеңкеде қалып, айналада не болып жатқанын білуге құмарсыз. Проблеманың түбірін тауып, мән-жайдың себебін анықтауды жөн көресіз. Басқалар тіпті ойламаған істің шешімін табуға қабілеттісіз. Физика, математика, саясат, медицина – назар салар кәсіп салалары.

4. Басқа адамдардың, аңдардың, заттардың бейнесіне айнала алу қабілеті. Сіз кез келген ортаға, жағдайға оңай сіңісіп кете аласыз. Басқа адамның көңіл-күйін, қайғысын ұғу, өзіңізді соның орнына қою оңай. Жазушы, актерлік мамандықтары сізге сай келуі мүмкін.

5. Басқа адамдардың ойын оқи алу қабілеті. Сіз сөздің артында нақ не тұрғанын сезе білесіз. Адамды жарты сөзден түсіну, басқа адамның мінез-құлқын есепке алып, оның әрекетін алдын-ала көре білесіз. Басқа адамдардың не сезіп, не ойлайтыны бұл адамға маңызды. Мамандықтары – заңгер, психолог, мұғалім, социолог.

«Аяқталмаған сөйлем» жаттығуы. Қатысушылар кезекпен конверттен бір-бір сөйлемнен алып, сол сөйлемді аяқтайды.

«Тату алақан» жаттығуы. Әр қатысушы өз парағына алақанының суретін салады да, өз орнында қалдырып кетеді, келесі қатысушының орнына барып, оның алақаны салынған суреттің ішіне оған жақсы тілек жазады. Осылай шеңбер бойымен барлығы бір-біріне тілек жазып шығады.

Рефлексия. «Қосу» деген сөздің астына тренингтен не ұнағаның, ал «дельта» деген сөздің астына қандай өзгерістер енгізу керектігін жазады.

Әріптестікті нығайтуға арналған тренинг

Д. ЖУБАТОВА

Мақсаты: Әріптестердің бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту өзара іс-әрекет дағдыларын дамыту. Мұғалімдердің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп жағымды көңіл-күй сыйлау.

Ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоциялық күш-жігер беру.

1) Психологиялық дайындық: (Баяу музыка ойналып тұрады) Бәрі ортаға шығып шеңберге тұрғаннан кейін ойын ережесі түсіндіріледі.

«Өтінемін» ойыны

Мақсаты: Жақсы қарым-қатынаста болу, бірін-бірі тыңдай білуге, тапсырманы шапшаң орындауға үйрету.

Әріптестерге арналған психологиялық тренинг сіздерге **«Өтінемін, рахмет, ризамын»** сөздерді айтқан кезде сіздер музыканы тыңдап, мен айтқан нұсқауды шапшаң орындайсыздар.

Шеңберде тұрған күйімізде қолымызды жоғары көтеріп **жүрек** суретін бейнелейміз.

(бұл тек кіріспе дайындық)

- «Өтінемін», екі аяқпен бір орында секіріңіздер, рахмет;
- «Өтінемін», орнымызда тұрып оң аяқты алға көтереміз;
- «Өтінемін», қол шапалақтаңыздар, рахмет;
- «Өтінемін» оң қолдарыңызбен сол қолдарыңызды уқаланыздар, рахмет;
- «Өтінемін» бір-бірлеріңізге қарап жымыңыздар, рахмет;
- «Өтінемін» сіз қасыңызда оң жағыңызда тұрған адамды жаймен құшағыңызға алыңыз, рахмет;
- «Өтінемін» бір-біріңіздің қолыңыздан ұстап, яғни алақандарыңызды бір-біріңізге айқастырып сол күйіңізде шеңбер ортасына көлеміз, рахмет.

- «Өтінемін» енді солға бұрылып, бір-біріңіздің иығыңыздан ұстап, дөңгелене жүріп, нұсқауды орындай отырып, орындарымызға отырамыз.

Талқылау: Әріптестер, бәріңізге рахмет, жұдырықтай түйілген бір шаңырақ астында бірлік болсын!

- Бүгінгі ашық есік күнінде, құрметті әріптестер, біз сіздермен кездескеніме қуаныштымыз. Сіздерге сергек көңіл-күй тілеймін. Адамның жан дүниесі – алты құлпының астындағы қазына сарайы тәрізді. Ол мұнда өзінің рухани байлығын сақтайды.

Ақылды адал адамның таза да пәк байлығы күн санап артып, өзінің де өзгенің де жан дүниесін байытары сөзсіз.

Қажетті көрнекіліктер: түрлі-түсті қағаздар, бояу, қаламсаптар, ақ беттер, гүл, жүрек, алақан суреттері, пейзаж.

1-жаттығу «Өзін таныстыру»

Мақсаты: қатысушылар өз есімін және өмірлік ұстанымын айтып таныстырады.

Биылғы жылы гимназиямызға келген жас мамандар көп оларға бөлек психологиялық кеңесу сағаты өтті. Бірақ бүгінде әлі де жақынырақ таныса берейік. Әр қатысушы тездетіп өз есімін, өмірлік ұстанымын, қай ауылдан келгенін айтып шығады.

Талдау: кімнің таныстыруы әсерлі болды?

- Қай адамның таныстыруынан кейін сол адамның сізге ұқсастығын байқадыңыз?

3) Сергіту тренінгі: «Сыйлық» жаттығуы

Мақсаты: жағымды көңіл-күй орнату. Өзгелерді қуанта білу сезімін қалыптастыру. Топтағы қатысушылар бір-біріне сыйлық сыйлайды. Сыйлықты сыйлау былай басталады. «Менің сізге сыйлығым – ...» неге сыйлаймын? Не үшін деген сұрақтарға жауап береді. Тренинг рефлексиямен аяқталады.

4) «Сөйлемді аяқта» жаттығуы.

Нұсқауы: Мен сіздерге «аяқталмаған сөйлемдер» беремін. Сөйлем аяғын өздеріңіз аяқтауларыңыз керек. Сіздер еркін болыңыздар, не айтқыларыңыз келеді, тез айтуыңыз керек.

Бірақ бір-біріңіздің жұмыстарыңызды айтпаңыздар. Бәрі ойланып болғаннан кейін топ ретімен оқу керек.

1. Маған ... керек.
2. Қатты ашуланған кезде, мен ...
3. Мен өз махаббатымды ...
4. Менің маңыздылығым ...
5. Менің мамандығым өзгелерге ...
6. Менің аяп отырған ... орным ... әкеледі
7. Менің батылдығым жетсе, ...
8. Егер мені білсе, сіз ...
9. Менің жақсы көретін адамым ...
10. Мен үшін ең жақсы кез ...
11. Менің ата-анам ... бірақ ...
12. Менің ұжымдағы орным ... бірақ ...
13. Мен үшін бүгін ...

14. Бәрі оқып болғаннан кейін талқылау жүргізіледі. Топ шапшаңдығы, ойлау қабілеті, қызығушылығы байқалады.

5) «Орыныңды ауыстыр» ойыны мақсаты: Шапшаңдыққа бау-

лу. Тамаша көңіл-күй сыйлау. Бәрі шеңберге тұрады музыка қосылады. Нұсқау бойынша тез орын ауыстыру.

6) «Балықтар» жаттығуы. Біз бір-бірімізді жақсы тану үшін әрбіреуіңе «балық аулауды ұсынамын». Топтың әр қатысушысы «балық аулайды» себеттен аяқталмаған сөйлемі бар карточканы алады да, өз сөздерімен аяқтайды.

Ең үлкен қорқыныш – бұл ...

Мен мынадай адамдарға сенбеймін ...

Мен ренжимін, егер ...

Мен ұмытпаймын, егер ...

Мен жақсы істей аламын ...

Өзімді жақсы сезінетін орта ...

Ең үлкен жетістігім ...

Мен сенетін үш адам ...

Егер маған дауыс көтерсе, мен ...

Мен қарсыласқанда ...

Егер мен сенімсіз болсам, онда ...

Көңіл-күйім болмаса, онда ...

Қосымша уақыт қалса қолдануға болады «Білімдіге дүние жарық»

Мақсаты: Топтың шапшаңдығын, біліктілігін аңғарамыз.

Викториналық сұрақтар

I топ:

1. Балдан тәтті не? (Бала)

2. Қара шаңырақ иесі кім? (Кенже ұл)

3. Әкеден балаға берілетін зат? (Мұра)

4. Адамның жан дүниесін зерттейтін ғылым (Психология)

5. Мектептің жүрегі кім? (Мұғалім)

6. Тәрбие мен білім ордасы? (Мектеп)

7. Қыздарға қандай қылық жараспайды? (Ерсі күлгені, дөрекі сөйлегені, өтірік айтқаны)

II топ:

1. Бес дұшпанды атаңдар? (Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

2. Адам денсаулығына зиянды компьютер құрылғысы? (Монитор)

3. Екі адамның бір-біріне адалдығы (Достық, махаббат)

4. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі (Қорқыт ата)

5. Үйдегі алтын қазық кім? (Ана)

6. Бес асылды атаңыз? (Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)

7. Үш арсызды атаңыз? (Ұйқы, тамақ, күлкі)

III топ:

1. Үйінде ұл, қызы бардың ... (көгінде сәнбес жұлдызы бар)



2. Вирустың кері әсерін жоятын бағдарлама? (Антивирус)
3. 18 жасқа толмаған адам? (Бала)
4. Оқушы жақсы көретін күн? (Жексенбі)
5. Мұғалім мамандығы қандай? (Мәртебелі)
6. Үйде кім, елде кім қадірлі? (Үйде қонақ, қарт, бала қадірлі, елде әкім, ұстаз қадірлі)
7. «Қызың өссе қызы жақсымен, ұлың өссе (ұлы жақсымен ауылдас бол)

Кері байланыс: Әріптестер алған әсерлерін жүрек, гүл, алақанға жазады.

Ұжымдағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренинг

А. АБДРАХМАН

Мақсаты: мұғалімдерді өз-өзімен, өзіндік жеке ерекшеліктерімен таныстыру, қарым- қатынастарын нығайту, ұжымда жағымды атмосфера қалыптастыру.

Қатысушылар: мұғалімдер.

Қажетті құралдар: А4 форматтағы қағаздар, интерактивті тақта, түрлі-түсті бояулар, жапон әліппесі.

Тренинг жоспары:

Сәлемдесу «Көрші», «Эмоция», «Өмірде өз жемістерін көру» жаттығуы.

1. «Өзіңді білгің келсе» жобалық тест;
2. «Аңдар мен жәндіктер» жаттығуы;
3. «Жер сілкінісі»;
4. Топтық жұмыс;
5. Кері байланыс.

Психолог сөзі: Сәлеметсіздер ме! Құрметті әріптестер, бүгін сіздерді психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға «Ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту» тақырыбындағы тренинг сабаққа ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

1. Сәлемдесу «Көрші» жаттығуы.

Көршінді оң жақтан құшақта,
Көршінді сол жақтан құшақта.
Оң жақтағы көршіңе бір жымып,
Сол жақтағы көршіңе бір жымып.
Оң жақтағы көршіңе сол көзіңді қысып,
Сол жақтағы көршіңе сол көзіңді қысып.
Бүгінгі тренинг барысы,
Біз бір үлкен ұжымбыз.

(Мұғалімдер қимыл-қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды)

«Эмоция» жаттығуы.

Шаршадым «Уһ!» дедім.
Ренжідім «Тух!» дедім.
Қорықтым «Ой!» дедім.
Өкіндім «Аһ!» дедім.
Шарасыз «Еһ» дедім
Таңырқап «О!» дедім.
Кейідім «И!» дедім.
Біліп ап «Е!» дедім.
Қуанып «ХА-ХА-ХА!» дедім.

Өмірде өз жемістерін көру.

Мақсаты: ұжымдағы мұғалімдердің өзара қарым-қатынас ерекшеліктері.

Шарты: Алма ағашынан әр тұлға өз жемістерін теріп алып, жемістерде жазылған тапсырманы орындаса жеміс сол адамға беріледі. Себетте 10 алма бар.

Тапсырма: Әзілдеп сәлемдесу; Селқос сәлемдесу; Шын көңілмен сә-

лемдесу; Таңқалып сәлемдесу; Ренішпен сәлемдесу; Кінәләп сәлемдесу; Қуанышпен сәлемдесу; Беделді сәлемдесу; Қол алысып сәлемдесу; Күлімдеп сәлемдесу.

Қорытынды

Егер қарым-қатынастың ләззәтін алғыңыз келсе, жақын адамдарға деген махаббатыңызға, жаратушыңа деген сүйіспеншілігіңіздей болсын. Кешірімді бола біліңіз! Білгенің қайсы, білмегенді кешірмесең.

«Өзіңді білгің келсе» жобалық тест.

Мақсаты: мұғалімдер жобалық тест арқылы өздерінің мінез-құлықтары мен жекелік қасиеттерін біле алады.

Нұсқау: А4 форматтағы ақ қағазға сурет салу ұсынылады.

Болған соң салынған суреттеріне қарай талданады.

Сурет салу: күн, тау, үй, ағаш, жол, сақина.

Тау – дөңгелек салынса, мінезі жұмсақ, мейірімді, сенгіш. Егер тау ұшты болса, өкпелегіш, тік мінезді. Егер аралас салынса – басында қар болса, өзгермелі адам.

Үй – суретте ағаш үй салынса, арманы орындалады. Егер бір терезе салынған болса өзіне жақын бір адам туралы көп ойланады. Егер бірнеше терезе болса және жапқыштары болса, ол тұйық, сақ адам. Үйдің төбесінде мұржасы болса, түтін шығып жатса, әңгімеге жақын, өсекқұмар адам.

Ағаш – біреу болса өзінің жолдасына ұнайды. Егер бірнешеу болса, балаларды жақсы көреді, оларға уақыт бөліп, көңіл аударады. Қоршаған әлемді сүйеді, қанша мықты әдемі салынса, сұлулыққа соншалықты құмар.

Жол – үйге жақын жатса, жолы жеңіл, алыс болса керісінше. Егер жол үйдің есігінен шықса, тапқан табысын үйге әкелетін, ал керісінше болса айналасына тарататын адам.

Сақина – көзсіз болса қонақ қабылдағанды, қонақ шақырғанды ұнатады. Көзі болса болашақты ойлайды, капитал жинайды. Неке жүзігі мықты отбасын білдіреді.

«Аңдар мен жәндіктер» жаттығуы.

Нұсқау: Мұғалімдерге қағаз таратылады. Мұғалімдер әр қатарға өздерінің ұнайтын аңдар мен жәндіктердің аттарын жазады. Саны алтау. Осыдан кейін әркім менің оқыған сөйлемімді тыңдайды, оқылған сөйлем арасында өзі жазған сөздерді рет-ретімен оқып отырады, яғни өзінің кім екендігін анықтау.

Қорытынды:

1. Мені жұрт ... деп ойлайды.
2. Мені ... деп ойласа екен деп ойлаймын.
3. Дәл өзім ...
4. Мен жұмыста ...

5. Жолдасыңыздың алдында ...

6. Негізі ...

«Адам, үй, жер сілкінісі» ойыны.

Нұсқау:

Дөңгелене тұрады. Жүргізушінің белгісі бойынша «үй» дегенде екі-екеуден екі қолын көтеріп, түйістіріп, шатырға ұқсап тұра қалады. «Адам» дегенде, үшеуден тұрады, екеуі шатыр, біреуі сол шатырдың астына барып тұра қалады. «Жер сілкінісі» дегенде, барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Жалғыз қалған қатысушы жүргізушінің ролінде болады.

«Ашулы шарлар» жаттығуы.

Шарты: 8-10 қатысушыны ортаға шығарып бір-бір шарды үрлеп, оларды байлау сұралады.

Қатысушыларға түсіндіру керек, шарлар адамның денені бейнелейтінін, ал оның ішіндегі ауа – адам сезімін білдіреді. Қатысушылар қолдарындағы шарды аяқтарымен жаруы керек.

- Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңыздар? Ашуды осылай шығару дұрыс жол ма? Ондай ашудан кейін қандай сезімде боласыздар?

- Бұндай қатты жарылған шар агрессияны білдіреді. Ол қауіпті.

Енді қатысушылар келесі шарларды үрлейді, оны байламай ұстап тұрады. Бұл шарлар да ашуға толы сезімді білдіреді, ал енді жайлап қана шардың жарты ауасын шығарамыз. Шар кішірейеді. Бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуымызды бақылап шығарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді.

Енді қатысушылар шардағы ауаны толығымен сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз ашудың қауіпсіз жолын табу – ол әр адамның өз қолында екендігін білдіреді. Ендеше ашуымызға ерік беріп алмайық.

«Пантомимо» арқылы топтар бір-бірлерін табу.

Шарты: мимика арқылы бір-бірлерін табу.

«Арыс жағасында», «Ұстазым», «Еркемай».

Осы қағаз арқылы бір-бірлерін ым арқылы тауып, соңынан тобымен өлеңнің бір-шумағын айтып беру.

Топтық жұмыс.

«Менің балалық шағым», «Менің алғашқы ұстазым», «Менің ең қиын оқушым» жаттығуы.

Нұсқаулық: «Сіздердің алдыңызда қорапша тұр. Сол қорапшадан билет суыруларыңыз қажет.

«Менің балалық шағым», «Менің алғашқы ұстазым», «Менің ең қиын оқушым» жаттығуы.

«Менің балалық шағым» жаттығуы.

Мақсаты: Мұғалімдердің педагогикалық рефлексиялық қабілетін дамыту, жеке тәрбиелік әсер етулерін бағалау және талдау.

Нұсқаулық: Психолог қатысушылардан балалық шағындағы ең қы-

зықты және қайғылы оқиғаларын естеріне түсулерін ұсынады. Мұғалім балалық шағында эмоционалдық травма алып, эмоциясын сыртқа шығара алмаған болса, онда ол жағдай оның балалармен қарым-қатынасына әсер етеді. Мұғалім балалық шағындағы күйзелістерін сыртқа шығарып, топ мүшелерінен қолдау көрсе, онда ол балалық шағының жан қиналтатын естеліктерінен арылады.

«Менің алғашқы ұстазым» жаттығуы.

Мақсаты: Мұғалімдердің педагогикалық рефлексиялық қабілетін дамыту, тәрбиелік әсер етулерін бағалау және талдау.

Нұсқау: өздерінің алғашқы ұстаздарын еске алуды ұсынады. Оның балаларға қарым-қатынасы, сабақ түсіндіру мәнері, оқушылар жұмысын қалай бағалауы, сыныптағы ахуал қандай болғанын естеріне алу қажет.

Жаттығудың тиімділігін жоғарылату үшін оларға өз тәжірибесінде кездестірген алғашқы ұстаздарына ұқсас іс-әрекеттерін немесе одан жақсырақ, әділдірек болғысы келетіні жайлы пікірлерін сұрауға болады.

«Менің ең қиын оқушым» жаттығуы.

Мақсаты: мұғалім бойында балаға деген жағымды эмоционалды қатынасын дамыту, қиын балалармен қарым-қатынаста тәжірибе алмасу.

Нұсқау: Өздерінің тәжірибесінде кездескен бір оқушы жайлы оның түр-әлпетін, өзін сабақта қалай ұстайтындығы, оның үлгерімі, соған байланысты қандай қиын ситуациялар болған және т.с.с. жайттарды баяндап беру тапсырылады. Мұғалім оған әсер ету үшін қандай амалдар қолданғанын суреттеуі керек. Топ мүшелері өздерінің тәжірибесін пайдалана отырып, ол балаға әсер етудің тиімді тәсілдерін табуға көмек береді.

Талдау: Өздеріңізді қалай сезінудесіз?

Тест: Жылқы. «Сіз қандай жұмысшысыз?»

Нұсқау: Суретте жылқының силуэті бейнеленген. Сіздің міндетіңіз – осы картинаны аяқтау, оның сырт келбетін бейнелеу арқылы және оның жанына қажет фонды салу. Атқа жағымды, жайлы жағдай жасаңыз.

Бұл тестте жылқы өзіңсің. Бұл түсінікті де өйткені, көп жұмыс істейтін адамды жұмысшы жылқылар деп те атайды. Сіздің жылқының сырт келбетін қалай бейнелегеніңізден сіздің қандай жұмысшы екеніңізді көруге болады.

Егер сіз жылқының сырт келбетіне назар аударсаңыз (тұяғын, жалын және құйрығын салсаңыз), онда сіз еңбектен білесіз, бірақ жұмысты бір арнада істемейсіз. Егер сіз жылқының бет-келбетіне назар аударсаңыз (көзін, тұмсығын, аузын, кекілін, т.б. салсаңыз)

Онда сізде иллюзиялар мен үміттер толы. Сіз бұрын еш жерде жұмыс істемеген өте жас маман болуыңыз да ықтимал. Егер сіздің жасыңыз үлкен болса, онда шаттану, қуану сізге тән.

Егер сіз жылқының әрбір қылын салсаңыз, ұсақ-түйек нәрсеге көп уақыт жұмсаңыз, бұл сіздің тер төгуді қажет ететін еңбектерді атқаруды ұнататындығыңызды білдіреді. Барлық нәрсені дер кезінде орындайсыз. Өзіңізге және басқаларға сын көзбен қарайсыз. Сізге кез келген жұмысты сеніп тапсыруға болады, сіз бастаған жұмысыңызды соңына дейін жеткізетін өте еңбекқор адамсыз. Бірақ та сізбен бірге істеу қиын, өзіңіздің бірбеткейлігіңізбен адамды шаршатасыз.

Егер Сіз жылқыны шөпке немесе алаңға қойсаңыз, бұл сіздің жақсы жағдай жасалған жерде жұмыс істегіңіз келетіндігіңіздің белгісі, сіз шектеу қоятын жұмыстарды ұнатпайсыз. Тәуелсіз болғанды қалайсыз.

Егер сіз жылқыға жүген салсаңыз немесе қамыт кигізсеңіз, онда сізге қысыммен жұмыс істеген ұнамайды.

Егер сіз жылқының алдына суы бар тегеш немесе жем қойсаңыз, онда бұл сіздің жұмыс істеуіңіз үшін жақсы жағдайдың жасалуын қажет еткендігіңіздің белгісі.

Егер сіз жылқыға салт атты адамның суретін салсаңыз, онда сіз өз бетіңізше жұмыс істей алмайсыз, біреудің бағыт беруімен немесе әмірімен, жетегімен жүресіз. Сізге біреудің сізді басқарғаны ұнайды.

«Нұрлы жүрек» жаттығуы. Ұстаздармен сұхбаттасу.

Мен сіздерге бірнеше сұрақ беремін.

1. Сіздің бала кезіңіздегі арманыңыз қандай?
2. Сіздің қызығушылығыңыз қандай?
3. Ең сүйікті мейрамыңыз қандай?
4. Өз мамандығыңыз сізге ұнай ма?
5. Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
6. Мұғалімдіктен басқа қандай мамандыққа барар едіңіз?
7. Оқушы бойынан қандай қасиет көргіңіз келеді?
8. Сізге ұнамайтын үйірмелер бар ма?
9. Сіз қандай оқушыны ұнатпайсыз?
10. Сіздің қолыңызда билік болса, қандай үйірме ашар едіңіз?

Психолог сөзі:

Нұсқау: алдарыңыздағы А4 ақ қағазға әркім қос қолының суретін бастырып алады және саусақтарына өз жауаптарын жазып, ал есімдерін ортадағы жүрекшеге жазу керек.

Психолог: рахмет сіздерге, әрқашан жүректеріңіз нұрлы иманға толы болсын.

Рефлексия: «Ашығын айтсам...»

- Бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма?
- Тренингтен қандай әсер алдыңыз?
- Тренингтен кейінгі көңіл-күйіңіз қандай?



11-сынып оқушыларына арналған тренинг

Н. МЫРЗАБАЕВА

Мақсаты: Оқушылардың мектеп бітіру сынағына дайындық деңгейін анықтау, психологиялық көмек көрсету арқылы оқушы бойына өзінің мүмкіндігіне деген сенімділікті қалыптастыру; қиын жағдайда тығырықтан шығу жолдарын үйрету, қобалжу, стресс сияқты психологиялық құбылыстарды болдырмауға дайындау. 11-сынып оқушыларының бір-біріне деген қарым-қатынасын нығайту.

Міндеті:

- Оқушыларды таңдау еркіндігінің дұрыстығына бағыттау өз мүмкіндіктерін толық ашуға жағдай жасау;
- Оқушыларды белгілі бір мамандыққа бағыттауда қажетті дағдыларды қалыптастыру;

Құрал-жабдықтар: жұмсақ жүрекше, майшам, ақ парақ, қарындаш, жіп.

1. Амандасу жаттығуы

Нұсқау: Алдымен қолмен, иықпен, аяқпен, шынашақ саусақпен, құлақпен амандасады.

2. ҰБТ-ға пікірталас

Психологиялық дайындық сіздерге не үшін қажет? деген сұраққа шеңбер бойымен тұрған оқушылар қолдарындағы жүрекшені ұсыну арқылы бір-бірден жауаптарын ұсынады.

3. Стреске қарсы жаттығулар.

Тыныс алу-бұл біз автоматты немесе автономды функция, бұл біз өзімізден бас тартып, басқара аламыз. Мазасыздық пен жоғары стресстен зардап шеккендер ингаляцияның тез жүруі жағдайды нашарлатып, мазасыздықты айтарлықтай нашарлататынын біледі. Тыныс алуды басқаруды өз қолыңызға ала аласыз және осылайша ағзадағы стресс деңгейін белсенді түрде төмендетуге болады.

А) Орындыққа түзу отырып, қолды тізеге, екі аяқты еденге қояды. Терең дем алып, дем шығарған сәтте алға қарай бүгіледі. Дем шығарғанда арқаны түзу ұстап, жаттығуды 5 рет қайталау қажет;

Ә) Иықтарымызды көтеріп, түсіреміз, мойынға жаттығу, жоғары аспанға қараймыз, оң қолымызды көтереміз, сол қолымызды көтереміз, өте биікке көтереміз. Басымызды маңдайымыздан бастап сипаймыз, саусақтарға жаттығу, жағымызды қысып, «а» дыбысын шығарамыз;

Б) Топ мүшелері жұпқа бөлініп, берілген сигнал бойынша екі қолдағы саусақтардың кез келген санын көрсету керек. Қатысушылар бір-біріне және келесі жолы саусақтардың бірдей санын көрсетуге келіспейтініне мұқият қарауы керек. Барлық жұп бірдей саусақтардың санын көрсеткенше жаттығу жалғасады.

4. «Өрмекші торы» жаттығуы

Мақсаты: Жағымды қарым-қатынас, достық сезім қалыптастыру.

Нұсқау: Жаттығуды бастайтын оқушы жіптің бір ұшын саусағына іліп алып, болашақ мамандықтарының аттарын атап, жіпті келесі бір оқушыға лақтырады. Осылайша барлық бала тапсырманы орындап шығады. Жаттығу соңында «өрмекші торы» пайда болады.

5. «Үш арман» жаттығуы.

Оқушыларға ақ парақ таратылып, өздерінің оң қолдарын басып суретке түсіреді. Сол салынған алақанның 5 саусағына алдағы 5 жылға алға қойылған арман мақсаттары жазылады. Арманын өз бетімен оқимын деген оқушы болмаса, қалғандары сол арман жазылған бетшені өздеріне сақтап қоюға болады.

Қорытынды: «Майшам» жаттығуы.

Майшам жағылады. Барлық оқушылар бір-бірімен бірігіп, жұмыс жа-

сағаны үшін бір-бірден жылы сөз айтып, майшамды беріп отырады.

Майшамды алу себебі, жарық деген жақсы нәрсе, сондықтан да жолдың ашық әрі жарқын болуының белгісі.

Ата-ана – алғашқы тәрбиешілер

Г. МУЛЕНБАЕВА

Әрбір ата-ана – өз балаларының алғашқы тәрбиешілері. Олар – өзінің отбасындағы басты тұлға. Ата-ананың бала алдында жеке басының өнегесі мен беделі болуы керек. Әсіресе, ананың орны ерекше. Ерекше болатын себебі, ананың адамгершілігі, мейірімділігі, төзімділігі, даналығы, балаға деген сүйіспеншілігі – басты нәрсе.

Сонымен бірге әрбір ана өз мінезінің бір қалыптылығын, тұрақтылығын, өзін-өзі тәрбиелеуін, өзіне талап қоя білуін қалыптастырып, үнемі жетілдіріп отыруға тиіс. Сонда ғана ол бала жүрегінен тиісті орнын алады. Ал, ананың борышы – жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау бала өсіру, баланың бойына еңбекке сүйіспеншілік, патриоттық сезім дарыту, өз бақытын өз Отанының гүлденуінен көре білушілікті сіңіру.

Ананың баласына деген махаббаты талап қоюшылықпен, ер жүректілікпен, қайсарлықпен, жамандық пен кесірлікке төзбеушілікпен ұштастыра білу қабілетінен тұрады.

Сөз жоқ, әр ана баласының жан дүниесін түсініп, оның жүрегіне жақын болып, шынайы досына айналса – мақсатына жеткені.

Бұған қоса ол баласының бойына әкеге, ата-әжесіне, аға-інісіне, апақарындастарына, ағайын-туыс, жақындарына деген ыстық сүйіспеншілігін, сыйлай білуін, туыстық сезімін, биік адамгершілік қасиетін дарытып сіңіре білсе, соның жемісін өзі де көреді, басқалар да зор алғысын білдіреді.

Егер ол балаға деген аналық махаббатын дұрыс түсінбей, баласының жіберген қателіктерінің бәрін кешіріп, талап ете алмаса, өз баласының кемшіліктерін көре білмесе кейін үлкен өкінішке ұрынатыны анық.

Соңғы уақытта елімізде аналарға деген қамқорлық күшейіп келеді, олардың тұрмысын жақсартуға, еңбек пен қызметке тартуда қолайлы жағдайлар жасалуда.

Екінші бір басты мәселе, әке болу – ер адамдардың игі, жауапты парызы.

Әке бақыты – баласын азамат етіп тәрбиелеу.

Ол баласына туған сәтінен бастап ықпал етеді.

Ұл-қызымен қарым-қатынасында адал, әділ, мінсіз болуы – негізгі шарт. Мұны естен шығармауға міндетті.

Әрине, әке бала бойына жоғары азаматтық мұраттың таратушысы, әрбір отбасы мүшесінің, ана беделінің қорғаушысы, жұбайлық адалдықтың үлгісі бола білсе, онда ол, сөз жоқ, шаңырақтың тірегіне, мәуелі бейтерегіне айналады. Сыйлы әке – балаларының мақтанышы.

Әке мен ана арасындағы жарасымды қарым-қатынас, өмірлік көзқарастарының бірлігі, ел алдындағы азаматтық парызын дұрыс атқару жолындағы үйлесімді іс-әрекеті бала тәрбиесінде үлкен жетістікке жеткізеді.

Отбасындағы әке рөліне арналған тренинг

Б. АБДРАХМАНОВА

Мақсаты: Мектеп пен ата-ананың арасындағы қарым-қатынасты, ата-анаға құрмет сезімін нығайту. Әкенің бала тәрбиесіне, оның біліміне, тәртібіне ықпал етуіне көмектесу және әке белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Әкелердің мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру;
- балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету;
- Бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарылауына ықпал ету;
- Әкенің бала тәрбиесіне қатысын, көзқарасын арттыру.

Тренинг-сабақ бағдарламасы.

Кіріспе сөз.

1. «Көңілді доп» жаттығуы (сергіту немесе қыздырыну);
2. «ӘКЕЛЕР» туралы ой қозғау (пікірлесіу);
3. «Мен баламды қаншалықты білемін» сұрақ-жауап;
4. «Әке маған 1 сағат уақытыңды бөлші» бейнеролик;
5. «Отбасы қажеттіліктері» жаттығуы;
6. «Отырғыш» тренингі.

Қорытынды.

Кіріспе сөз:

Сәлеметсіздер ме, құрметті бүгінгі шараға қатысушылар!

1. Танысу.

- Қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар. Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алып, армандап отырмай ма? Шіркін, менің әкем тірі болса деп, бала Қожа еріксіз әкесін есіне алып, сағыныш сезіміне беріліп кетті. Бұл шығарманы есіме алып отырған себебім бүгінгі кездесуімізде «ӘКЕЛЕР» туралы ой қозғаймыз.

2. «Көңілді доп» жаттығуы (сергіту немесе қыздырыну)

Ата-аналар мен қазір сізге мына бір көңілді допты жолдаймын да бір сөз айтамын сіз маған кері жолдап сол сөзге ассоциация бересіз. Мыс: Күн – Жылу, Аспан – Көк.

Бала. Отбасы. Әке. Ана. Байлық. Мейірім. Ата-ана жауапкершілігі. Отағасы. Әке тәрбиесі. Қара шаңырақ. т.б. Рахмет баршаңызға.

3. «ӘКЕЛЕР» туралы ой қозғау (пікірлесіу)

Әр әке күннің бейнесіне өз есімін жазып, күннің шуағына

«Мен үшін әке болу...», «Балама үлгі беремін», «Қазіргі замандағы әкенің қоғамдағы беделі», «Әке мәртебесін асқақтатуда.....» осы ойды жалғастырып жазу немесе ауызша айтып беру керек.

4. «Мен баламды қаншалықты білемін» сұрақ-жауап.

Өту барысы: Арнайы дайындалған сұрақтар алдымен әкелерге, сосын аналарға, соңында балаларға қойылып жауаптар алынады. Ата-ана мен бала жауаптары салыстырылады.

Сұрақтар:

1. Балаңыздың ең жақсы досы кім?
2. Балаңыз 1-сыныпқа қай жылы барды?
3. Балаңыздың сүйікті ісі қандай?
4. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні кім?
5. Болашақта кім болғың келеді?
6. Балаңызды еркелеткенде қандай сөз айтасыз?
7. Балаңыздың туған күні қашан?
8. Екеуіңіздің ұқсастықтарыңыз?

- Ал енді, балалардың жауабына құлақ түрсек. Слайдқа түсірілген балалар жауаптары.

«Менің әкем»

- Балалар шығармаларынан...! Бірнеше күн бұрын, балаларға мынадай тапсырма берген болатынбыз. Өз әкелері туралы жасырмай жазуларын өтіндік. Олар мынадай сұрақтарға жауап берді.
- Менің әкем сипаты

5. Әкеме айтқым келеді...

- Болашақта әке болғанда қандай боламын?

«Әке, маған 1 сағат уақытыңды бөлші» бейнеролик**Ой бөлісеміз.**

- бұл бейнетаспадан қандай ой түйдіңіз?

- балаңызбен бірге болуға қанша уақыт бөлесіз?

- сіз үшін бала тәрбиесі маңызды ма, әлде атқарып жүрген қызметіңіз бе?

ата-аналар жауаптары тыңдалады, қорытындылаймын.

Қазіргі кезде бәріміз де жұмыстың арбауында жүрген адамдардың біріміз. Сондықтан да болар кейде балаларымызға уақыт бөлмейміз де, балалардан алыстаймыз. Құрметті әкелер, балаларыңызға уақыт бөліп, олармен бірге ойнап, кешкі уақытта көңіл бөлсеңіздер, балаларыңыз мейірімге толы, адамгершілігі мол ұрпақ болатынына сенеміз.

6. «Отбасы қажеттіліктері» жаттығуы

Ұсынылып отырған отбасы қажеттіліктерінің тізбесімен танысып шығыңыз. Керек деп тапсаңыз, тізбені толықтырып, маңыздылық дәрежесіне қарай бір бағанға тізіп, жазыңыз. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз. Мысалы:

- жалпы ортақ мүдделердің болуы;
- отбасы мүшелерінің арасындағы өзара сыйластық;
- бір-бірінің ісіне араласпау;
- сүйіспеншілік;
- отбасы мүшелерінің дербестігін сақтау;
- материалдық молшылық;
- руханилық;
- ұлттық біртектілік;
- айналасындағылардың көзімен қарағандағы ынтымақтастық;
- отбасы мүшелерінің әрқайсысының өз міндетін атқаруы;
- бос уақытты бірге өткізу;
- достары, туыстары мен әріптестері үшін – «ашық үй»;
- көп бала;
- жақсы денсаулық;
- отбасы мүшелерінің арасындағы ынтымақтастық;
- ата-ананың мызғымас беделі;
- сенім;
- өзара көмек ...

«Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі» дей отырып, бала тәрбиесінің маңызды екенін атап көрсеткен.

Баласын оқытып, күнін көре алатындай мамандық иесі етіп қалдыру, балаларды жақсы көріп, оларға көңіл бөлу, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру бұлар әкенің басты міндеттерінің бірі.

7. «Отырғыш» тренингі

Қатысушылар шеңбер бойымен ортада бір адамды салып келесі адамның иығына қолын созып, бір-бірінің тізесіне отырады да, қолын босатып отырған күйінде «Қара жорға» биін билейді. Музыка тоқтағанда отырған күйінде қозғалмай қолын жоғары көтеріп шапалақтайды.

Тренинг мақсаты: көңіл көтеру. Тереңдеп ойласақ, бұл жерде барлығыңыздың ұйымшылдығыңыз байқалады, және бір-біріңізге деген тіреу болу. Осылай сіздердің араңызда үнемі ауызбіршілік, қамқорлық және қиын жағдайда демеушілік орын ала берсін.

Оқушыларға арналған тренинг

А. ИМАШЕВА

Мақсаты: отбасында ата-аналардың баланың әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауға, бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөлу, т.б. жауапкершілікті арттыру

Қатысушылар: ата-аналар.

Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті бояу, желім, плакат, интерактивті тақта, таратпа материалдар.

Тренинг барысы:

1. Сәлемдесу рәсімі;
2. «Жанұя бақыты» жаттығу;
3. Сергіту сәті «Өтінемін» ойыны;
4. Видеоролик;
5. Жаттығу: «Тілек шамы».

Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың басты ұстазы – ата-ана. Ата-анаға баладан жақын ешкім жоқ, сондықтан да баласының әдепті, білімді болып өсуін армандайды. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Сондықтан да мектеп өміріне, бала тәрбиесіне белсене

араластыру, мәдениетін арттыру, ата-ана мен мектеп арасында серіктестік орната отырып ынтымақтастықта жұмыс жасау мақсатында ұйымдастырылатын тренингтердің маңызы орасан зор.

I. Амандасу.

Мақсаты: Ата-аналарды орындарына отырғызу, жақсы психологиялық көңіл-күйді қалыптастыру.

«Сәлем – сөздің анасы» демекші кез-келген жерде, қандай жағдайда болмасын адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа жеңіл өту үшін алдымен амандасып, сәлем алысқаннан кейін жұмысы жөнінде сөз қозғайды. Бұл қашанда осылай болған, болады да, болуы керек. Дүниежүзіндегі сан алуан халықтардың сәлемдесу салты да түрлі-түрлі болып келеді. Қазір сіздерге бірнеше елдің амандасу салтын көрсетемін.

1. «Еуропалықтар» – қолын қысады;
2. «Жапондықтар» – иіледі;
3. «Оңтүстік африкалықтар» – арқаларымен үйкелеседі;
4. «Солтүстік африкандықтар» – оң қолын алдымен маңдайына, одан соң еріндеріне, содан соң кеудесіне әкеледі;
5. «Замбезиде» Африка – тізе бүгіп, алақандарын соғады екен;
6. Үндістер (Оңтүстік Америка) алақандарын бір-біріне қойып жоғары қаратып қастарына тигенше көтереді;
7. Ал енді, өзіміздің ұлттық қазақша амандық-саулық сұрап, қал-жағдайымызды біліскенге не жетсін!

II. «Жанұя бақыты» жаттығуы.

Мақсаты: Ата-ананың бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы туралы түсініктер беру арқылы ата-аналардың білімін көтеруге көмектесу.

Жаттығуымыздың шарты бойынша «Жанұя бақыты» үлгісін құру. Яғни, ата-ана өзінің отбасын салу және отбасы бақытын сурет арқылы көрсетіп, суреттің жан-жағына отбасы сөздері арқылы жеткізу керек.

- сыйластық;
- мейірімділік;
- өзара түсінушілік;
- татулық;
- сүйіспеншілік;
- денсаулық;
- салауатты өмір салты;

Топ ішінен бір ата-ана жасалған жұмысын қорғайды.

III. Сергіту сәті: «Өтінемін» ойыны.

Мақсаты: Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бірін-бірі тыңдай білуге үйрету. Қатысушылар ортаға жартылау шеңбер жасап тұрады.

- Құрметті ата-аналар! Сіздер, қандай сиқырлы күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, кешіріңіз, ризамын, т.б.

- Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет, «өтінемін» деген сөзді айтпасам, сіздер сол өтінішті орындамайсыздар.

- Секіріңдер.

- Оң аяқтарыңды көтеріндер.

- Өтінемін, алақанмен қол шапалақтаңыздар.

- Өтінемін, бір-біріңді құшақтаңыздар .

- Оң қолдарыңмен сол құлақтарыңды уқалаңыздар.

IV. Видеоролик «Отбасы құндылығы»

«Тілек шамы».

Мақсаты: тренинг туралы пікірлеріңізді ортаға салу.

Құрметті ата-аналар! Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ошақ ұя – жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса, барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

Қорытынды. Ж.Ж. Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» - деген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынмызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБДИКАЛИЕВА Роза Абдибаевна – Ы. Алтынсарин атындағы №204 орта мектептің педагог-психологы. Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

АБДРАХМАН Айна Омарқызы – №56 орта мектеп педагог психологы. Жаңақорған ауданы, Қызылорда облысы.

АБДРАХМАНОВА Ботагоз Бакиткалиевна – Ж. Молдағалиев атындағы №2 ЖОББМ педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

БАЙЖҰМАНОВА Бибіхан Шаймерденқызы – Түркістан аумақтық мүгедек балаларды оңалту орталығы директорының орынбасары, дефектолог. Түркістан қаласы, Түркістан облысы.

ЖУБАТОВА Д. – Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мектеп-гимназия-интернатының аға тәлімгер, педагог-психологы. Батыс Қазақстан облысы.

ИМАШЕВА Айшагул Утегеновна – Ы. Алтынсарин атындағы ЖОББМ-нің мектеп психологы. Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

МУЛЕНБАЕВА Гулбану Мурасовна – Максим Горький атындағы орта мектебінің педагог-психологы. Луговой ауылы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы.

МЫНБАЕВА Айгерим Казыевна – д.п.н. профессор, зав.кафедрой общей и прикладной психологии КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы.

МЫРЗАБАЕВА Назкен Кулымжановна – «Ғұбайдолла Айдаров атындағы №1 мектеп-лицей» КММ педагог-психологы. Түпқараған ауданы, Маңғыстау облысы.

СЕЙІТНҰР Жарас – психол.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қаласы.

ХАЛЫҚОВА Айжан Мағауияқызы – Гуманитарлық колледж психологы. Астана қаласы.